



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

Этому способствует налоговая и бюджетная политика, частичное восстановление эффективности производственных мощностей, в частности (что особенно значимо для Японии) в атомной энергетике.

При этом необходимо отдельно отметить, что социальная цена абэномики 2.0 может оказаться достаточно высокой. Это связано с тем, что запланированное сокращение бюджетного дефицита будет осуществляться за счет уменьшения социальных обязательств государства, передачи государственных компаний в управление частным. Инфляция постоянно увеличивает расходы домохозяйств, причем предполагаемые на нынешнем этапе структурные реформы не дают гарантий того, что с ростом экспорта корпораций, реальная заработная плата работников экспортоориентированных предприятий (как, впрочем, и заработная плата по стране в целом) будет возрастать.

Подводя итог рассматриваемой проблемы необходимо отметить, что реформы, которые в настоящее время проводит правительство Японии, объективно обусловлены необходимостью сокращения государственного долга и оживления рынка, развитие которого сдерживает дефляция и наличие сильной национальной валюты. Результаты абэномики 2.0 в определенной мере способствовали активизации ориентированного на экспорт производства, что в свою очередь, вызвало дополнительный спрос на человеческие ресурсы. Однако, эта система правительственных мер не смогла полностью обеспечить ожидаемый эффект устойчивого экономического роста. Для его достижения необходимо, чтобы краткосрочные программы (абэномика 1.0, абэномика 2.0), которые действительно стали переломными на современном этапе развития японской экономики, «переросли» в долгосрочную политику, основанную на той же философии национального возрождения, которая более 70-ти лет назад вывела страну из послевоенного кризиса.

#### **Список использованных источников:**

1. Абэномика – реформы, которые сделали экономику Японии третьей по размеру в мире [Электронный ресурс] – Режим доступа : <http://persona.pumb.ua/ua/club/digest/detail.php?CODE=abenomika-reformy-sdelavshie-ekonomiku-yaponii-tretye-po-razmeru-v-mire>
2. Ерман Г. Загадка «абэномики» [Электронный ресурс] / Георгий Ерман // По материалам lb.ua – Режим доступа : <http://news.finance.ua/ua/news/-/306428/zagadka-abenomiky>
3. Ожиданиям рынка потребуются осязаемое подтверждение. Краткое содержание инвестиционного обзора [Электронный ресурс] – Режим доступа : [http://www.seb.lv/sites/default/files/web/files/webstorage/Parskati/Investment\\_Outlook\\_december\\_2013\\_ru.pdf](http://www.seb.lv/sites/default/files/web/files/webstorage/Parskati/Investment_Outlook_december_2013_ru.pdf)
4. Японский эксперимент, который поражает мир [Электронный ресурс] – Режим доступа : <http://real-economy.com.ua/publication/1172/35616.html>

ӘОЖ 395 7:399

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КОРЕЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІ: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Еркінқызы Айнұр**  
ayerkinkyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана  
Мақала жетекшісі - Азмуханова А.М.

Бүгінгі таңда шығыс халықтарының өнері мен мәдениетінің өткені мен бүгінгі - көпшіліктің қызығушылығын тудырып, жан-жақты дамып, зерттеліп, кеңінен етек жайып жатқандығы баршамызға мәлім. Ал, қазақ және корей халықтарының ғажайып ұлттық дәстүрлі өнерлері өзіндік ерекшелігімен, ежелгі дәуірге меңзеп, өнердің тұңғыық тереңіне

жетелеудің арқасында жұртшылықтың назарын өзіне аударып отыр.

Бітіру жұмысымының тақырыбына негіз болып отырған бұл мақалада – қазақ және корей халықтарының ұлттық өнерінің негізгі бастауы болып табылатын діни наным-сенімдер, салт-дәстүр, ән және би өнері жіті қарастырылады. Дәстүрлі ұлттық өнердің рухани бастауларын бұл тұрғыда зерртеу - қос халықтың болашақ өнерінің өзіндік келбетін анықтауда жетекші қызмет атқаратыны сөзсіз.

Абай Құнанбаев өнерді «жан азығы» және «тән азығы» деп екіге бөлген. Тән деп отырғаны, яғни, дене азығы - ол тіршілікке қажет бұйымдар, демек материалдық өнер. Ал, жан азығы дегені – көркем өнер. Табиғаттың бойындағы әсемдікті, күш қуатты, сезімді адамның қажеттігіне сәйкестендіріп қол немесе тіл арқылы көріктендіріп жіберу. Яғни, көркем өнердің «жан азығы» делінуі адамның жанына, көңіл-күйіне, сезіміне тікелей әсер етуінде.

Ал, өнер әрдайым да салт-дәстүр, діни наным-сенімдермен бір арнада тоғысып жатқан сабақтастық іспетті. Сол себепті, алғашқы тоқталатын мәселем діни наным-сенімдер жайлы болмақ. Тарихқа үңілер болсақ, екі бірдей халыққа тән діни ағым – шаманизм, яғни бақсылық болды. Қазақ дүниетанымының рухани өзегінен негізгі орын алатын діни наным жөнінде Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан пікірлері құнды. Ал, корей халқының рухани мәдениеті жайлы сөз қозғалғанда С.А.Токарев, Р.Ш.Джарылгасинов, В.В.Подмаскин, С.Ф.Карабанова, Ю.В.Ионова сынды бірқатар авторлардың еңбектеріне сүйенеміз. Енді нақтырақ тоқталып кетейін.

Ш.Уәлиханов өзінің «Оңтүстік Сібір халықтарының тарихы» атты еңбегінде шамандарға бірқатар сипаттамалар береді. Шамандардың құнақарлықтан аулақ болып, ар-ұятты жоғары ұстағанын, малдың амандығы – жанның амадығы деп санағанын өз жазбаларында келтірген. Бір сөзбен айтқанда шамандар кесір апаттан, малдың өлім-жітімінен, ауру-сырқаулардан әр кез аман болуды ойлаған. Дәстүрді бұзбауға тырысқан. Шамандар жарық дүниемен қоштасқанға дейін барлық күнәқарлықтан арылуға тиіс. Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқының мінез-құлқы, салт-дәстүрі, мәдениеті бақсылық табиғатымен үндесіп, соған бейімделген[1].

Ал, корей халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеуге алғаш болып бет бұрғандардың бірі Ю.В.Ионова болатын. Ол өзінің монографиясында корейліктердің әдет-ғұрпына, тойларына, күнтізбелік рәсімдеріне, ұлттық билеріне аса назар қойған[2]. Сондай-ақ, корей ұлтының музыкалық өнерін зерттей отырып, оларды құлшылық ету, табыну рәсімдерімен ұштастыра білді. Әлбестте, бұл автор қорында шаманизмге қатысты да еңбектер өте көп. Корей шаманизмінің сыныптастырылуы мен киім үлгілері жайлы ақпар берілген. Айта кететіні, рәсімдер өткізілуі мен табынушылықтың корейлік үлгісі көрші Сібір және Қиыр Шығыс елдерінің стилімен салыстырылған[3]. Одан бөлек, В.В.Подмаскин еңбегі де корей халқының ән және би өнеріне арқау болатын дәстүрлі мәдениеттері жайлы сыр шертеді[4].

Тағы бір мадаққа лайық құнды еңбектердің бірі деп ресейлік зерттеуші В.М.Марковтың «Корей республикасы. XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі дәстүршілдік пен заманауилық. Ресей көзқарасын» айта аламыз. Ресейден өзге шет елдерде де жоғары бағаға ие болған бұл еңбекте корей халқының тұрмысы, мәдениеті, діни санасы мен дәстүрінің хореографиялық өнеріне нендей әсері болғандығын ашып көрсетеді. В.М.Марков алғаш болып корей би өнерінің сыныптастырылуын ұсынған болатын. Дәлірек айтқанда, Чакпоп, Ильму, Чхоенму, Сальпхури және Пучхечхум билерінің корей мәдениетінде орны мен ерекшелігін атап өтеді. Сонымен қатар, әйгілі корей хореографтары мен олардың өмірбаяндары, корей би өнерін одан әрі дамыту мәселелерін және «жаңа корей биі» ағымын алға тартады[5].

В.Е.Баглайдың «Этническая хореография народов мира» атты этнографиялық материалы да менің мақаламның тақырыбына өзекті болып отыр. Бұл еңбекте автор түрлі ұлт өілдерінің би өнеріне сараптама жасап қана қоймай, сондай-ақ, табиғи-климаттық алғышарттардың би өнеріне тікелей қатысы бар екенін сипаттайды. Ал, корейлік биге қатысты алты типтен құралған сыныптастыруды ұсынады: сарайлық, шамандық, буддистік,

конфуциандық, халық және бетперде билері. Сондай-ақ, автордың еңбегіне сүйенсек, корей рәсімдік би өнерінде киім түсінің маңызы зор. Оған мысал ретінде автор дабылмен жүзеге асатын биді алға тартады[6].

Қазақ және корей мәдениетін ұштастырып жатқан тағы бір тұс - әдебиет болып табылады. Ал оның ішінде эпостық жанрдағы шығармалар көптеп кездеседі. Қазақтың «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Батыр Баян» сынды ауыз толтырып айтарлық эпостық жырлары болса, корей халқында да өзіне тән «Чхунян туралы әңгімелер»[7], «Симчон туралы әңгімелері»[8] бар. Әрине, құрылымы және мазмұны жағынан бір-бірімен дөп келмегенімен, қос халықтың еңбегінде де бірқатар ұқсастықтарға куә бола аласыз.

Жалпы, байқағанымыздай екі халықтың арасында діни наным-сенімнен бастап әдебиетіне дейін ұқсас тұстары бар. Өзіндік стилі болғанымен ортақ нүктелері жоқ емес. Сондықтан, қорытындылай келе бұдан түйеріміз : қос халықтың да дәстүрлі өнер тарихы тамыры тереңге бой алған, жылдар бойы ұлттық өнер құндылығын сақтай білген аса бай мәдениетті көре аламыз. Ал, біздің мақсат- осындай мақала, еңбектердің өз саламыз мамандарына септігі тигізгені. Әрі өскелең ұрпақ тек осындай еңбектермен сусындап, дәстүрлі өнердің шоқтығын үнемі биік ұстаса етті.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ш.Уәлиханов «Оңтүстік Сібір халықтарының тарихы» (172 б.)
2. Ю.В.Ионова «Обряды, обычаи и их социальные функции в Корее (середина XIX-начало XXв.).- М.:Изд-во Наука, 1982-. 285 б.»
3. Ю.В.Ионова «Символика культов и ритуалов народов зарубежной Азии. //Шаманство в Корее» (середина XIX- начало XXв.) Сборник статей М.:Изд-во Наука, 1980- Б. 4-35.
4. В.В.Подмаскин «Песенное и танцевальное искусство палеоазиатов в аспекте этнокультурных связей» // Сборник материалов научно-практической конференции “Традиционная культура народов Севера и Дальнего Востока России: состояние, перспективы развития” . – Владивосток Изд-во «ВИТ», 2001. – Б. 78-98.
5. В.М.Марков «Республика Корея, традиции и современность в культуре второй половины XX века. Взгляд из России». – Владивосток: Изд-во Дальневосточного университета, 1999. – 448 б.
6. В.Е.Баглай «Этническая хореография народов мира» Б.163.
7. «Сказание о Чхунян». Корейский народный эпос./Литер. Перевод. Анатолий Ким. – М.: Изд-во Бонфи, 2003. – 167 б.
8. А.Ф.Троцкевич «История Корейской традиционной литературы до XX века». – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2003. – 323 б.

ӘӨЖ 008(519.5)"19/..."

### **XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫ МЕН XXI ҒАСЫРДАҒЫ ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МӘДЕНИЕТІ**

**Еркін Әсел Серікқызы**

aska\_e@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану кафедрасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Абжаппарова Б.Ж.

Қазақстан әлемнің 150 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан ел. Олардың әр қайсысының тарихын зерделеп білу Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына және дипломатиялық қатынастарды одан әрі жақсартуға өз ықпалын тигізеді. Корей мемлекетінің тарихы соғыстар, өзара қырқыстар мен мәдениетке толы. Осы тарихқа қарай отырып біз бейбітшілікті қалай ұстану керек екендігін ұғына